

# ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР БІРЛЕСТІГІ ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

**Мерзімі:** 04.009. 2023 ж.

**Қатысқаны:** бәрі

**Қатыспағаны:** жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын талқылау.
2. Күнтізбелік – тақырыптық жоспарды, арнайы курстарды, факультатив сабақтарын бекіту.
3. Әдістемелік бірлестіктің жоспарын бекіту, мектепшілік қабілетті және үлгерімі төмен оқушылардың тізімін жасақтау

**Тыңдалды:**

**I.** Бірінші мәселе бойынша оқу – ісінің меңгерушісі сөз сөйледі. Онда нұсқаулық - әдістемелік хаттың негізгі жағдайларымен таныстырып, Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарлары (бұдан әрі ҮОЖ), (өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде жүзеге асатынын айтты.

**II.** Екінші мәселе бойынша бағдарламаға сай тақырыптық-күнтізбелік жоспарды, арнайы курс және факультативтік сабақтарды әдістемелік бірлестікте бекіту туралы қорытынды жасалды.

**Факультатив сабақтар:**

1. Хуан Б.Б. «Жаһандық құзыреттілік», «Дебат қозғалысы»
2. Тыртышникова О.В. « Глобальные компетенции»
3. Саргазина Б.Т. «Жаһандық құзыреттілік»

**III.** Үшінші мәселе бойынша әдістеме бірлестіктің оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізу керектігін көрсетті. Сонымен қатар мектепшілік дарынды оқушылардың тізімі жасақталып, дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар талқыланды.

### **Шешімі:**

- Күнтізбелік – тақырыптық жоспар құру кезінде нұсқаулық-әдістемелік хатты негізге алу.
- Күнтізбелік- тақырыптық жоспарды бекіткізу
- Әдістемелік бірлестіктің жоспарына сәйкес қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен нәтижелі, жүйелі жұмыстар жүргізу

**Хатшы:** \_\_\_\_\_ Хуан Б.Б.

**ӘБ жетекшісі:** \_\_\_\_\_ Омарова А.С.

# ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР БІРЛЕСТІГІ ОТЫРЫСЫНЫҢ

## № 2 ХАТТАМАСЫ

**Мерзімі: 31.10.2023 ж.**

**Қатысқандар саны: барлығы**

**Қатыспағандар: жоқ**

### **Күн тәртібінде қарастырылған мәселелер:**

1. № 1 отырыс қаулысының орындалуы
2. 1 тоқсан білім қорытындысы
3. Тілдер мерекесінің қорытындысы
4. Тәжірибе алмасу: Шебер сынып «Оқытудың белсенді әдістерін сабақтарда пайдалану» - Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Омарова А.С.
5. Мектепшілік олимпиада тапсырмаларын талдау

### **Тыңдалды:**

**I.** Бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Омарова А.С. сөз алып, 1 тоқсан бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, 2 тоқсанға міндеттер қойды.

**II.** 1 тоқсан қорытындысы талқыланып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілу керектігі талқыланды.

**III.** Тілдер мерекесінде жоспарланған іс-шаралардың орындалу деңгейі талқыланып, жіберілген кемшіліктерге баса назар аударылды. Кемшіліктерді дұрыстау жолдары талқыланып, бағыт-бағдар берілді.

**IV.** «Оқытудың белсенді әдістерін сабақтарда пайдалану» - Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Омарова А.С. тақырыбында шебер сынып өткізді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Омарова А.С. өз тәжірибесінде қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданатын жаңа технологияларды таныстырып, өз тәжірибесімен бөлісті.

**V.** Мектеп ішілік олимпиада тапсырмаларына қойылатын ортақ шарттар мен міндеттер талқыланып, пәндік олимпиада тапсырмаларын құрастыруға назар аударылды. Және де олимпиада жұмыстарын бақылайтын комиссия құрылды.

**Шешім:**

1. Пән мұғалімдері шығармашыл, күзiреттi тұлға қалыптастыру мақсатында ақпараттық- коммуникациялық технологияны әр пән сабағында тиімдi пайдалану.
2. Интерактивтi тақтамен жұмыс жүргізудi жалғастыру
3. Мектепшiлiк олимпиада тапсырмаларын құрастыру, олимпиадаға қатысатын оқушының дайындығына көңiл бөлу
4. Тоқсан қорытындысы бойынша үлгерiмi төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргiзу.

**Хатшы:** \_\_\_\_\_ Хуан Б.Б.

**ӘБ жетекшiсi:** \_\_\_\_\_ Омарова А.С.

## Қоғамдық- гуманитарлық пәндер бірлестігі отырысының

### № 3 ХАТТАМАСЫ

**Мерзімі: 05.01.2024**

**Қатысқандар саны: 7**

**Қатыспағандар: 0**

#### **Күн тәртібінде:**

1. Шебер- сынып “Орыс тілі сабағында 6 қалпақ әдісін тиімді қолдану”. – Омарбекова Б.Б.
2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін пән мұғалімдерінің жұмыстарының жарты жылдық есебі.
3. Білім стандартының орындалуы
4. I жартыжылдық үлгерім сапасының мониторингісі
5. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің I жарты жылдық рейтингісі

**I. Орыс тілі пәнінің мұғалімі Омарбекова Бибигуль Борисовна** “Орыс тілі сабағында 6 қалпақ әдісін тиімді қолдану ” тақырыбында шебер-сынып өткізді. Бибигуль Борисовна өз тәжірибесінде орыс тілі сабағында қолданатын 6 қалпақ әдісі бойынша жұмыстарына тоқталып, пәнді оқыту ерекшеліктерімен бөлісті.

**II.** Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстың нәтижелері талқыланды. Дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру, әр түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатыстыру туралы тапсырмалар берілді.

**III.** Әдістеме бірлестігінің жетекшісі қараша – желтоқсан айлар аралығында кірген сабақтардың талдауын атап өтті. Мұғалімдердің сабақтарына «Пәннің сапалы оқытылуы» «Білім стандартының практикалық бөлімінің орындалуы» мақсаттары бойынша қатысып, қорытындысына тоқталып өтті.

**IV.** ӘБ мұғалімдері және сынып жетекшілері өз пәні және сыныптары бойынша білім сапасы жайлы айтып оқушылардың білім сапасының төмен екені көрсетілді. II жарты жылдық жұмыс жоспарын құрастырылды. Әр мұғалім өз пәндері бойынша білімі төмен оқушылармен жүргізетін жұмыс жоспарларын жасау жайлы айтылды.

**V.** Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің I жарты жылдық рейтингісі талқыланып, алға қойылатын міндеттермен таныстырылды.

## **Шешім:**

1. I жарты жұмыс нәтижелері бойынша жұмыстар жүргізу;
2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
3. II жарты жылдыққа қойылған міндеттерді орындау;
4. Дарынды оқушылармен жұмысты күшейтіп, әр түрлі байқау, олимпиадаларға қатысу

**Хатшы:** \_\_\_\_\_ Хуан Б.Б.

**Ә.Б. жетекшісі:** \_\_\_\_\_ Омарова А.С.

## Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі отырысының

### № 4 ХАТТАМАСЫ

**Мерзімі: 29.03.2023 ж.**

**Қатысқандар саны: 7**

**Қатыспағандар: 0**

**Күн тәртібінде:**

#### **4-отырыс**

1. Баяндама. Тақырыбы: «Орыс тілі сабағында оқушылардың когнитивті ынтасын дамыту» Баяндамашы – Тыртышникова О.В.
2. Пән бойынша III тоқсандық білім сапасының мониторингі
3. ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының қорытындысы
4. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің ашық сабақтарын талдау
5. ҚБ, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының жүргізілуін талдау

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе** бойынша орыс тілі пәнінің мұғалімі Тыртышникова Олеся Валерьевна орыс тілі сабағында оқушылардың когнитивті ынтасын дамыту туралы айтты. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. Атап айтқанда, жағдаяттарды туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп когнитивті ынтасын дамыту сюжетін құрастырады. Орыс тілі сабақтарында жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады. Когнитивті ынтаны дамыту оқушылардың ой — өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге мүмкіндік алатынын өз тәжірибесінен мысалдар мен дәлелдер келтіре отырып баяндады.

**Екінші мәселе** бойынша пән мұғалімдері сөз алды. Білім сапасының мониторингі, III тоқсан қорытындысына талдау жасалды. Ынтасы төмен оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау, жеке қосымша жұмыстар жасау, ата –аналармен тығыз байланыста жұмыс жасап отыру керектігі тапсырылды.. Мектепшілік негізгі пәндерден оқушы жетістігін назарда ұстап, сапа көрсеткіштерін жақсартуға ат салысу міндеттелді. Пәндер бойынша үлгермеуші, үлгерімі төмен шыққан оқушылармен жеке жұмыстар ұйымдастырылып, нәтижелі жұмыс істеу жүктелді.

**Үшінші мәселе** бойынша ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының қорытындысы талқыланды. Әр пән мұғалімі оқушылармен жүргізген жұмыстары

бойынша есеп беріп, оқушылардың осыған дейінгі сол пәннен жеткен білім көрсеткіштерінің салыстырмалы мониторингін көрсетті. Жұмыста арнайы белгіленген кестеге сәйкес жалғастырып, үлгермеуші оқушылармен жұмыс жалғасын табатын болып келісілді.

**Төртінші мәселе** де қоғамдық пәндер бірлестігі мұғалімдерінің өткізген ашық сабақтарына талдау жасалып, ұсыныстар мен кері байланыстар берілді. Сабақ барысында қолданылған тиімді, белсенді әдіс-тәсілдер талқыланып, ол әдіс-тәсілдерді кейбір пән мұғалімдері өз тәжірибелерінде қолдануға деген қызығушылық туындағанын жеткізді.

**Бесінші мәселе** бойынша ҚБ, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының жүргізілуіне, әр пәннен ҚБ, БЖБ, ТЖБ өткізу барысында кездескен қиындықтарға талқылау жасалды. Жұмыстарды талқылау барысында кейбір оқушылардың жазу каллеграфиясына назар аудару ескертілді. Және де кейбір мұғалімдерге оқушы деңгейіне сәйкес тапсырмаларды бірнеше нұсқада дайындауға кеңес берілді.

**Отырыстың шешімі:**

1. Баяндама қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Төмен сапа көрсеткен сыныптар мен оқушылармен қосымша жұмыстар өткізілсін.
3. ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындық жұмыстары кестеге сәйкес жалғастырылсын.
4. Оқушымен жұмыс жасауда оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері оқушы деңгейіне сәйкес қолданылсын.
5. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары оқушы деңгейіне сәйкес бірнеше нұсқада құрастырылсын.

**Хатшы:** \_\_\_\_\_ Хуан Б.Б

**ӘБ жетекшісі:** \_\_\_\_\_ Омарова А.С.

**Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі отырысының  
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

**Мерзімі: 17.05.2024**

**Қатысқандар саны: 8**

**Қатыспағандар: жоқ**

**Күн тәртібінде:**

**5-отырыс**

1. Мұғалімдер шығармашылық тақырып бойынша есеп беру
2. Келесі оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдерді анықтау.
3. Емтиханға даярлық.
4. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстарына қорытынды талдау
5. Келесі оқу жылына жоспар құру

**Тыңдалды:**

**I.** Қазіргі заманда қоғамға өзіндік ой-өрісі дамыған, шығармашылығы тәжірибесі мол тұлға қажет. Мұғалім оқушы не үшін оқу керек екенін, өзінің білімін іс жүзінде пайдалана білетіндей қылып, өз жұмысын құру керектігін айта отырып ӘБ жетекшісі Омарова А.С. сөз кезегін пән мұғалімдеріне берді. Пән мұғалімдері өз кезегінде өз пәні бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, шығармашылық тақырыптары бойынша есеп берді. Осы оқу жылында жеткен жетістіктерімен бөлісті. Алға қойған мақсат, міндеттерін баяндады.

**II** мәселе бойынша келесі оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімі құрастырылып, аттестацияға дайындық, атқарылатын жұмыстар бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді. Жалпы орта білім беретін мектептердегі пән мұғалімдерін аттестаттау бойынша ережемен таныстырылды. Келесі оқу жылында орыс тілі пәнінің мұғалімі Тыртышникова О.В. мен ағылшын тілінің мұғалімі Аманжолова Л.А. аттестаттауың тізіміне енгізілді.

**III.** Келесі кезекте 9-11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау емтихандарына дайындық жұмыстары талқыланды. Мектептің оқу ісінің меңгерушісі Кучеровская Ю.В. аттестаттау ережесі бойынша емтихандардың өткізілу уақыты мен комиссия мүшелері, өткізілетін кабинет туралы ақпарат берді.

ІҮ. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстарына қорытынды жасалды. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің жұмысы 2023-2024 оқу жылына арналып құрастырылған жоспарға сәйкес атқарылып, жоспарланған іс-шаралар толығымен жүзеге асқаны айтылды. ӘБ жетекшісі Омарова А.С. алдағы оқу жылыда қоғамдық бағыт бойынша іс-шаралар жалғасын табатынын айтып, әріптестеріне атқарылған жұмыстар бойынша алғыс білдірді.

Ү. Келесі оқу жылына жоспар құру бойынша пән мұғалімдерінің ұсыныстары тыңдалып, өткізілетін іс-шаралар талқыланды.

### **Шешім:**

- Мұғалімнің шығармашылық жұмысы жалғасын тауып, авторлық жұмыс, ғылыми жұмысқа баса назар аударылсын.
- Аттестациядан өтетін мұғалімдер дайындықты қазірден бастап, аттестацияның ережесін үнемі назарда ұстасын.
- 9-11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау бойынша шыққан ереже басты назарға алынсын.
- Биылғы атқарылған жұмыстардың қорытындысы н назарға ала отырып, келесі оқу жылына жоспар құрастырылсын. Келесі оқу жылында өтетін мерейтойлық күндер назарға алынсын.

**Хатшы:** \_\_\_\_\_ Хуан Б.Б.

**Ә.Б. жетекшісі:** \_\_\_\_\_ Омарова А.С.